

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Гуманитарлық факультет
Педагогика және психология кафедрасы
Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет
Гуманитарный факультет
Кафедра педагогики и психологии
KAZAKH HUMANITARIAN- LEGAL INNOVATIVE UNIVERSITY
FACULTY OF HUMANITIES
FACULTY OF PEDAGOGICS AND PSYCHOLOGY

5B050300 Психология
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
түскен жылы – 2018

5B050300 Психология
КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН
год поступления – 2018

5B050300 – «Psychology»
THE CATALOGUE OF ELECTIVE SUBJECTS
year of entry - 2018

Семей 2018 жыл
Семей, 2018 год
Semey, 2018year

№ р/н	Пән атауы	Кредит саны		Пререквизит	Постреквизит	Қысқаша сипаттама, мазмұны және күтілетін нәтиже (білім, іскерлік, дағды, құзыреттілік)
		РК	ECTS			
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ						
Таңдаулы пәндер (ТП)						
1	Өзін-өзі тану	2	3	Өзін-өзі тану (мектеп бағдарламасы бойынша)	Педагогика, Даму психологиясы.	Пәнді оқу мақсаты: Өзін-өзі тану, рефлексия, өзін-өзі талдау және өзін-өзі жетілдіруге қабілеттіліктерін дамыту негізінде студенттердің жеке тұлғалық өсуі үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды құру және қолдау. Пәннің қысқаша мазмұны: Жеке тұлғаның қалыптасуында пәннің ролі, жетістікті жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы және кәсіби өсуі, достық, махаббат, діни түсініктерінің мәні. Күтілетін нәтиже: Білімі: басқа құндылық ұстанымдарды ұстанатын, басқа адамдардың бағыттарын түсінуге мотивтелген қазіргі кезеңдегі этикет нормаларын саналы қоланудағы дамыған қабілет негізінде көпмәдени ортада тиімді қарым-қатынас механизмдерін қолдану. Іскерлігі: көпмәдени қоғамда жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде гуманистік этика принциптерін басшылыққа алу. Өмір ағымын таңдау, өмірлік ұстанымын анықтау және қылық-әрекеттері деңгейінде шешімдерді өз бетімен қабылдау үшін аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін қолдану. Компетенциялары: Жүйе құрушы
1	Мәдениеттану	2	3	Адам және қоғам, Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасы)	Философия	Мақсаты: Адамның әлеммен өзара қарым-қатынасының мәселесін түсіндіру, қазіргі әлемдік мәдени құбылысты бағалай білуге үйрету.Қоғамдағы мәдениеттің деңгейін көтеруге ықпал ететін Мазмұны: студенттердің мәдени дүниетанымын, әлемдік тарих туралы білімдерін кеңейту, дамыту. Нәтижесі: Пәнді оқытудың барысында студент Білу керек: қазіргі мәдениеттің құрамы мен құрылымын білу мәдениет пен философиялық мәдениет әлеуметтік мәдениет пен мәдени антропология Меңгеру керек: мәдениеттанудың негізін білу: мәдени өркениетті, мәдениеттің субъектісін, мәдениеттің дамуын, мәдениаралық коммуникация, мәдени модернизация, мәдени салт-дәстүрді меңгеру қажет. Құзыреттілік: әлеуметтік-этикалық
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	2	3	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Философия	Пәнді оқу мақсаты: Курсты оқу және студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру Пәннің қысқаша мазмұны: «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негіздері» пәннің білім жүйесіндегі пәнаралық және толық пән болып табылады.Бакалавр даярлау кезеңіндегі барлық бағыттағы пәндерге арналған пән. Күтілетін нәтиже: Пәнді оқытудың барысында студент Білімі: жемқорлықтың пайда болуы, негізін, мазмұның білу, сыбайлас жемқорлыққа әрекеттер үшін құқықтық, моральдік жауапкершілікке, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру саласындағы күші бар заңнама Іскерлігі: моральді тұрғыдағы кикілжіндермен мүдделерді талдау таңдауы, жемқорлыққа қарсы

						мәдениетте жетілдіру, мүдделер қақтығыстары мәселесінің әрекеті. Компетенциялары: Ақпараттық (білімдік), жүйе құрастырушылық
2	Саясаттану	2	3	Адам және қоғам (мектеп бағдарламасы), Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Философия	Мақсаты: «Саясаттану» курсының негізгі міндеттері: студенттерді «саясат» және «билік» ұғымымен таныстыру, оның өткен және бүгінгі түсіндірмелерін түсіндіру - саясаттану ғылымның жүйелік көрінісін ұсыну; саяси білімнің дамуының прогрессивті саяси үдерісін, тарихтың әртүрлі кезеңдеріндегі және әртүрлі мәдени тұрғыда негізгі проблемалық мәселелерін баяндау. - студенттердің бастапқы білім көздеріне және мәтіндерге негізделген саяси білімдерді дамытудың негізгі кезеңдері туралы материалдарды өз бетінше меңгеруіне мүмкіндік беру. - саясаттың негізгі теориялары туралы жалпы ойларды қалыптастыру. - студенттерге әртүрлі танымдық стратегиялар негізінде өз позицияларын дамытуға мүмкіндік беру. Пәннің мазмұны: «Саясаттану» - бұл элективті курс, яғни ол міндетті компонентке кірмейді. «Саясаттану» курсының негізгі мазмұны: тарихи ойдың негізгі кезеңдерін, билік пен саясат субъектілері мен объектілерін хронологиялық тұрғыдан дәйекті зерттеу. Курстың хронологиялық негізі: қазіргі заманғы антикалық саяси ойдан, соның ішінде әлемдік саясаттанудың қазіргі жетістіктері. Күтілетін нәтиже Білу -өркениет тарихындағы саяси білімнің дамуының негізгі кезеңдері; -Қазіргі заманғы саяси ғылымның мектептері мен бағыттары; -қоғамның саяси өмірі; -саяси жүйе және оның институттары; -елдегі және әлемдегі саяси процестердің мәні. Дағды және іскерлік: -ғылыми көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін танымдық ғылыми әдістерді қолдану; -әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесінде саяси ғылымның орнын көрсету; -тәуелсіз талдау, сыни тұрғыдан - саяси ойлау; -сіздің ақыл-ойыңызды дамытып, көкжиектеріңізді кеңейтіңіз; -азаматтық ұстанымдарын дамыту және қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті атқару. Құзыреттілік: әлеуметтік-этикалық
2	Әлеуметтану	2	3	Адам және қоғам (мектеп бағдарламасы), Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Философия	Мақсаты: Қоғамда және қарым-қатынаста, әлеуметтік институт функциялдыңның, даму заңдылықтарының жүйесін құру жайлы студенттердің қоғам туралы түсініктерін қалыптастыру Пәннің мазмұны: Адам және қоғам туралы көптеген басқа ғылымдар ішінде әлеуметтану - адамның қоғамдық өмірі мен әлеуметтік өзара қарым-қатынасында маңызды орынға ие. Қоғамның проблемалары неғұрлым күрделі болса, оларды шешуде адам мен қоғам туралы білімнің терең болуын қажет етеді. Әлеуметтану - бұл кешенді әлеуметтік жүйелер мен процестерді түсіну, қоғамды субъект ретінде сақтау мәселесі.Әлеуметтік білім адами өлшемдегі кез-келген құбылыстарды қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдерін және әлеуметтік салдарын көруге мүмкіндік береді. Күтілетін нәтиже: -әлеуметтанудың негізгі терминдері мен мәселелерін; -негізгі әлеуметтік концепциялар мен бағыттардың; -әлеуметтік дамудың негізгі шарттары мен

						факторларын, әлеуметтік өзара әрекеттесу нысандарын; -әлеуметтік мінез-құлықты реттеудің негізгі заңдылықтары мен формаларын Дағды және іскерлік: -түрлі әлеуметтік құбылыстарды шешудің себептері мен жағдайларын, мәнін, нұсқаларын талдау; -қарапайым әлеуметтік зерттеулер жүргізу Құзыреттілік: әлеуметтік-этикалық
3	Дінтану	3	5	Философия	Тұлғаның дүниеге деген көзқарасын қалыптастыратын барлық оқылатын пәндер	Пәнді оқу мақсаты: Дінтанудың өзекті мәселелері жөнінде студенттерге түсінік беру. Пәннің қысқаша мазмұны: Дінтану - бұл ғылым, дін туралы зерттейтін пән. Дінтану өткен тарихтағы болған және қазірге күнге дейін сақталып қалған діндерді қарастыра отырып, оқытады. Күтілетін нәтиже: Пәнді оқытудың барысында студент Білімі: Қазақстан мен шетелдегі діндердің қазіргі жағдайын анықтап білу. - дінтанудың теориялық өзекті мәселелерін анықтау - діннің институционалдық негізгі бағыттарын ашып көрсету. Іскерлігі: діннің негізгі мәселелерін көрсету Компетенциялары: Коммуникативті, жүйе құрушы
БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР						
Таңдаулы пәндер (ТП)						
1	Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік этикасы	3	5	Өзін-өзі тану (мектеп бағдарламасы бойынша)	Әлеуметтік психологияға кіріспе, Коммуникация психологиясы	Пәнді оқу мақсаты: Қарым-қатынас мәдениеті және оның негізгі түсініктері, принциптері және нормалары туралы жүйеленген кешенді білімдерін қалыптастыру; қарым-қатынас мәдениетінің этикалық негіздерімен таныстыру және оларды практикалық тәжірибеде қолдануды меңгерту; іскерлік қарым-қатынастың түрлі жағдайларында қолданылатын іскерлік этикетінің талаптарын игерту. Пәннің қысқаша мазмұны: Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік этикасы пәні және негізгі категориялары. Қарым-қатынас құрылымы және функциялары. Қарым-қатынас мәдениетінің нормативті-коммуникативті аспектілері. Мәдениет және іскерлік қарым-қатынас этикасы. Күтілетін нәтиже: Білімі: мінез-құлықтың қазіргі кезеңдегі этикалық нормалары және қарым-қатынас мәдениеті, кәсіби этикетті қарым-қатынас мәдениеті және кәсіби мінез-құлықтың маңызды жағы ретінде білу. Іскерлігі: болашақ мамандығында түрлі практикалық мәселелерді талдау және шешу үшін қарым-қатынас мәдениеті, этика туралы теориялық білімдерді қолдана білу. Дағдылары: іскерлік әңгімелесуде, іскерлік келіссөздерде, телефонмен әңгіме жүргізуде конструктивті әсер ету дағдыларын қолдану және жағдаяттарды бағалаудың тәсілдерін білу. Компетенциялары: жүйе құрушы, коммуникативті
1	Психологтың кәсіби шеберлігі мен этикасы	3	5	Өзін-өзі тану (мектеп бағдарламасы бойынша)	Әлеуметтік психологияға кіріспе, Мәдениетаралық коммуникация психологиясы	Пәнді оқу мақсаты: практик психологтың кәсіби этикасы және кәсіби шеберлігі туралы тұтас түсініктерін қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Кәсіби этиканың пайда болуы. Психолог қызметінің негізгі принциптері. Кәсіби шеберліктің компоненттері. Психологтың өзіндік айқындалу жолдары. Күтілетін нәтиже: Білімі: психологтың этикалық кодексін; этиканың принциптері мен нормаларын; кәсіби қызметтің сипаттамасын және оның негізгі бағыттарын; білікті психологтың кәсіби қызметінің құрылымын; кәсіби маман ретінде практик-психолог қызметінің жаңа технологияларын; кәсіби қызметке психолог даярлығының компоненттерін; тұлғаның сапасын,

						кәсіби қызметте маманның сәттілігін анықтайтын білім, іскерлікті білу. Іскерлігі: кәсіби қызметте алған теориялық білімдерін қолдана алу; дағдарыстық ситуацияларды шешу тәсілдерін, өзара қатынасты орнатудың оптималды жолдарын анықтай алу; маманданған психологтың мінсіз моделін құрастыра алу; психологиялық практиканың түрлі аясында кәсіби этика нормаларын сақтай алу; Дағдылары: пәннің түсініктік-категориялық аппаратын игеру дағдысының болуы; психологиялық шеберлік дағдысы. Компетенциялары: Іс-әрекеттік
2	Педагогика	3	5	Өзін-өзі тану, Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік этикасы	Педагогикалық іс-тәжірибе: Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет.	Пәнді оқу мақсаты: Болашақ мамандарда педагогикалық әрекеттік кәсіби және әлеуметтік-тұлғалық мәселелерін шешуге қабілетті психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Педагогикалық ғылымның қалыптасуы мен даму тарихы. Дидактика. Тәрбие теориясы. Педагогиканың әдіснамалық негіздері. Тұтас педагогикалық процесс. Оқыту формалары мен әдістері. Тәрбие заңдылықтары. Күтілетін нәтиже: Білімі: педагогиканың теориялық және практикалық негіздері. Іскерлігі: білім берудің жаңа стандарты жағдайында оқу- тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыра алу. Дағдылары: балаларды оқытудың, тәрбиелеудің дәстүрлі және жаңа технологияларын игеру; талдау әдісін, жаңа білім беру жүйелерін болжау және бағалай алу дағдысы; педагогикалық әдебиеттермен өздігінен жұмыс жасай алу дағдысы. Компетенциялары: жүйе құрушы, арнайы
2	Тәрбие теориясы	3	5	Жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің негіздері	Педагогикалық іс-тәжірибе: Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет.	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерге кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы, тәрбие теориясы және әдістемесі, сондай-ақ тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға қажетті біліктіліктер мен дағдылар туралы білімдерді меңгертуді қамтамасыз ету Пәннің қысқаша мазмұны: Тәрбие педагогикалық үдеріс және әлестеттік мәдени құбылыс ретінде. Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерінің жіктелуі: Күтілетін нәтиже: Білімі: тәрбие мәні және оның білім беру үдерісінің тұтас құрылымындағы орнын; тәрбие үдерісінің логикасын және қозғаушы күшін; тәрбие әдістері мен формаларының жүйесін; тәрбиедегі педагогикалық өзара әрекет спецификасын Іскерлігі: оқушылардың жеке даралық ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие жұмысын жекелендіру; оқу үдерісінде гуманистік-тұлғалық, жекелік көзқарасты қолдана алу Дағдылары: балалармен, ата-аналармен және педагогтармен ынтымақтастық, диалогтік қарым-қатынастың теориялық негіздерін игеру Компетенциялары: Жүйе құрушы, арнайы
3	Жарнама психологиясы	2	3	Жалпы психология, Қарым-қатынас мәдениеті және іскерлік этикасы	Коммуникация психологиясы	Пәнді оқу мақсаты: Жарнама қызметінің негізгі психологиялық заңдылықтарын меңгерту, жарнамаға аксиологиялық құндылықтық қатынасты әлеуметтік коммуникацияның түрі ретінде қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Жарнама психологиясы пәні, әдістері, міндеттері, өзекті мәселелері. Жарнама жасау тарихы. Жарнама психологиясының теориялық және әдіснамалық мәселелері. Тұлға және өзін-өзі жарнамалау. Жарнама психологиялық әсер ету құралы

						ретінде. Күтілетін нәтиже: Білімі: жарнама психологиясының теориялық негіздері; Қазақстанда және шетелде жарнамалық қызметті ұйымдастыру және оның аймақтық ерекшеліктері; жарнама психологиясының негізгі бағыттары. Іскерлігі: жарнамалық қызметті талдау; жарнаманы қабылдау негізі ретінде стандартты зерттеу әдістемелерін және жекелік типологиялық ерекшеліктерді қолдану. Дағдылары: жарнамада қолданылатын, адамдарға психологиялық әсер ететін әдістер мен тәсілдер. Компетенциялары: жүйе құрушы, коммуникативті, арнайы
3	Тұтынушылар психологиясы	2	3	Жалпы психология	Мәдениетар алық коммуникация психологиясы	Пәнді оқу мақсаты: студенттерді тауар сатып алуға шешім қабылдауға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар кешенін талдау және зерттеу бойынша қажетті білім деңгейімен қамтамасыз ету. Пәннің қысқаша мазмұны: Тұтынушылар психологиясы және маркетинг жүйесі. Тұтынушылардың мінез-құлқының ішкі факторлары. Жеке құндықтар, өмірлік стиль және ресурстар тұтынушылардың мінез-құлқының тұлғалық факторлары ретінде. Тұтынушылардың тауар сатып алуы туралы шешім қабылдау процесі. Сатып алу тұтынушының негізгі шешім қабылдауының негізгі кезеңі ретінде. Білімі: тұтынушылардың мінез-құлықтарына ісер ететін негізге басқару және маркетингтік әдістерді білу; маркетингтік тәжірибеде тұтынушылардың негізгі құқықтарын білу және сауатты экономикалық шешім қабылдай алу; сатып алу туралы шешім қабылдауға әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды білу; тұтынушының мінез-құлқын білу, сонымен қатар шешім қабылдау процесін кезеңдерге бөлуді білу. Іскерлігі: тұтынушылардың мінез-құлқын оптимизациялау бойынша маркетингтік стратегиясын құрастыра алу; тұтынушылар мінез-құлқының типтерін ажырата алу; сатып алушының жеке ерекшеліктерін, сонымен қатар оның тауарға (қызмет көрсетуге) көзқарасын анықтай алу; сауда жасауда тұтынушының шешім қабылдауда тап болатын мәселелерді талдай алу; Компетенциялары: жүйе құрушы, коммуникативті, арнайы
4	Патопсихология	3	5	Жалпы психология	Медициналық психология	Пәнді оқу мақсаты: Психикалық процесстердің нормалары мен патологиялары, түсініктері жайлы мағлұмат қалыптастыру. Жоғары психикалық қызметтің негізгі бұзылуларымен таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Патопсихологияның пәні, міндеттері және әдістері. Патопсихологияның әдіснамалық және теориялық мәселелері. Түрлі психикалық ауру кезіндегі танымдық процесстердің және эмоционалды-тұлғалық аймақтың бұзылуларының патопсихологиялық талдануы. Патопсихологияның жалпы психология мен психиатриядағы маңыздылығы. Күтілетін нәтиже: Білімі: патопсихология пәні, практикалық міндеттері және негізгі патопсихологиялық белгілер мен синдромдар; патопсихологияның негізгі әдістері. Іскерлігі: патопсихологиялық зерттеудің жоспарын құру; әртүрлі адамдар тобымен (жас ерекшелік, әлеуметтік, кәсіптік) практикалық жұмыста негізгі патопсихологиялық білімдерді қолдану. Дағдылары: патопсихологиялық зерттеулерді өз

						бетімен жүргізу техникасын, әдіснамаларды жоспарлау, жүргізу және сау адамдардың түрлі топтарындағы көпшіліктік психопрофилактикалық зерттеулер және клиникадағы психологиялық зерттеулердің нәтижелерін өңдеу туралы негізгі түсініктерді меңгеру. Компетенциялары: Жүйе құрушы, арнайы
4	Клиникалық психология	3	5	Жалпы психология	Медициналық психология	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерді қазіргі клиникалық психология негіздерімен таныстыру, клиникалық-психологиялық диагностика және интервенцияның әртүрлі қызметтерін, сонымен қатар психопрофилактика, психотерапия және реабилитация т.б. туралы білімдерді, курстың негізге ұғымдарын меңгерту. Пәннің қысқаша мазмұны: Клиникалық психологияның теоретикалық-әдіснамалық негіздері. Нейропсихология. Психосоматика негіздері. Аномальді даму психологиясы. Ауытқушы мінез-құлық психологиясы. Клиникада психологиялық әсер ету негіздері. Диагностикалық және терапиялық үдерістерде психологиялық қолдау. Сараптамалық тәжірибедегі клиникалық психология. Клиникалық психолог іс-әрекетінің ұйымдастыру аспектілері. Күтілетін нәтиже: Білімі: клиникалық психология мәселелерін; психикалық денсаулық критерилерін; сырқат адам психологиясының негізгі заңдылықтары, дәрігер психологиясын, сырқат пен дәрігердің күнделікті қарым-қатынасы психологиясын, емдеу-алдын алу мекемелерінің психологиялық ахуалын. Іскерлігі: психодиагностикалық әдістемелермен жұмыс жасай алу; іс-тәжірибеде кәсіби біліктіліктер мен дағдыларды қолдана алу; Дағдылары: клиникалық психология бойынша теориялық және практикалық дағдылар, психодиагностика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру салаларында кәсіби міндеттерді шешу дағдылары. Компетенциялары: Жүйе құрушы, арнайы
5	Арнайы психология	2	3	Жалпы психология, Даму психологиясы	Медициналық психология, Терапия және психокоррекция бойынша практикум	Пәнді оқу мақсаты: Дамудағы ауытқушылық туралы психология бойынша базалық теориялық білім қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Арнайы психология ғылыми пән ретінде. Ауытқу туралы түсінік. Дамудағы психикалық ауытқу туралы түсінік. Психикалық даму бұзылуларының компенсациясы. Дамудағы ауытқушылықтың негізгі түрлеріне жалпы сипаттама. Дамуында ауытқуы бар балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету. Күтілетін нәтиже: Білімі: арнайы психологияның негізгі түсініктері, міндеттері, теориялық және практикалық мәні, іргелес ғылымдармен байланысы және оның әдіснамалық принциптері мен ережелері. Іскерлігі: дамудағы ауытқудың түрлерінде баланың психикалық дамуының ағымын талдау және оның сипаты бойынша дамудағы ауытқудың түрін анықтай алу. Дағдылары: дамуында әртүрлі ауытқушылықтары бар балаларды психологиялық тексеру, диагностикалық және түзету іс-шараларын жүргізе алу дағдысы; арнайы мектептердегі оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыру. Компетенциялары: Жүйе құрушы, арнайы
5	Дефектология	2	3	Жалпы психология, Даму психологиясы	Медициналық психология, Психология	Пәнді оқу мақсаты: студенттерді арнайы білім беру және жалпыбілім беретін мекемелердегі дамуында ауытқушылығы бар балалармен жұмыс істеуге дайындау. Пәннің қысқаша мазмұны: Адам жөніндегі ғылым

					лық коррекция әдістері	жүйесіндегі дефектология. Бала дамуындағы «норма» және «аномалия» түсініктері. Алғашқы және екіншілік дефектілер. Арнайы психология негіздері. Интеллектуалды бұзылушылық. Есту мүмкіндігінен айырылған балаларға педагогикалық көмек. Сөйлеуі бұзылған балаларға педагогикалық көмек. Көру мүмкіндігінен айырылғандарға арнайы білім. Дамудың күрделі ауытқушылықтары. Күтілетін нәтиже: Білімі: арнайы психология және арнайы педагогика, дефектологияның негізгі категорияларын; бұзылудың негізгі түрлері мен дамуында ауытқушылығы бар балалар категориялары мен негізгі түрлерін; бала дамуындағы нормалар мен аномалия; әртүрлі ауытқушылықтары бар балалар мінез-құлқымен әрекеттерінің ерекшеліктері және коррекциялық білім берудің бағыттарын. Іскерлігі: Мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық қарым-қатынас және тәрбие, оқытуды ұйымдастыруды қалыптастыра білуді; Рефлексия технологиясын қолдана отырып, «Дефектология» ғылыми аймақтарында өзінің кәсіби әрекеттерін жетілдіру. Дағдылары: бала дамуындағы аномалия және мәселелерді диагностикалау; тәрбие және оқытудағы қиыншылықтарды анализдеуде оқушыларға психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыра білу; балалармен психологиялық-педагогикалық өзараәрекеттестікті ұйымдастырудағы коррекциялық жұмыстың әдістемелерін қолдана білу; дамуында ауытқушылығы бар балалармен оқу қиыншылықтарын жеңе білудегі шаралар мен жолдарын белгілей білу; Компетенциялары: Жүйе құрушы, арнайы
6	Психодиагностика	3	5	Жалпы психология	Психологиялық тренинг, Психотерапия негіздері	Пәнді оқу мақсаты: Студенттердің психодиагностика саласында базалық білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру. Психодиагностиканың теориялық және қолданбалы негіздерін білу. Пәннің қысқаша мазмұны: Жалпы психодиагностикаға кіріспе. Жеке тұлға психодиагностикасы: инструментальды емес және сұхбат әдістері. Тұлғааралық және отбасылық қарым-қатынас психодиагностикасы. Психодиагностика және психотерапия. Күтілетін нәтиже: Білімі: психодиагностиканың негізгі түсініктері, психологтың практикалық іс-әрекетіндегі психодиагностикалық әдістемелерді қолданулар мен шектеулер. Іскерлігі: шешілетін міндеттерге байланысты психодиагностиканың құралдарын таңдау, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес психодиагностикалық әдістемелердің мүмкіндіктерін бағалау. Дағдылары: психологиялық портрет пен автопортреттерді құрастыру дағдылары; шешілетін міндеттерге байланысты психодиагностиканың құралдарын таңдау. Компетенциялары: Коммуникативті, іс-әрекеттік, арнайы
6	Психологиядағы ғылыми-зерттеу әдістері	3	5	Жалпы психология	Психологиялық коррекция әдістері	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерде ғылыми зерттеулерде қолданылатын психологиялық әдістер жүйесі туралы білімдерін қалыптастыру Пәннің қысқаша мазмұны: Психологиядағы әдістер жүйесі туралы жалпы түсінік. Эмпирикалық емес әдістер. Эмпирикалық жалпы психологиялық әдістер. Психологиялық әдістердің жіктелуі. Күтілетін нәтиже: Білімі: ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері; ғылыми танымның типтері мен түрлері; ғылыми зерттеу әдістерінің негізгі жіктеулері; ғылыми зерттеулерде алынған мәліметтердің сенімділігін анықтайтын факторлар; ғылыми зерттеу жүргізудің

						негізгі стратегиялары Іскерлігі: зерттеу пәнін зерттеу мақсатында әдістемелер мен әдістерді іріктеу; тәжірибеде ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; эмпирикалық зерттеулер жүргізу Дағдылары: зерттеу субъектілерінің тұлғааралық өзара әрекет және біріккен әрекеттерін ұйымдастыру қабілеттіліктері Компетенциялары: Коммуникативті, іс- әрекеттік, арнайы
7	Арттерапия	4	6	Практикалық психология	Психотерапия негіздері, Терапия және психокоррекция бойынша практикум	Пәнді оқу мақсаты: Студенттердің арттерапия аймағындағы ғылыми психологиялық білімдерін дамыту және қалыптастыру, арттерапиялық бағыттың пайда болу тарихы және теориясымен таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Арттерапияның негізгі түсініктері, пәні, міндеттері. Арттерапияның дамуындағы заманауи тенденциялар. Арттерапиядағы зерттеу әдістері. Арттерапияның психотерапиялық және диагностикалық мүмкіндіктері. Білім беруде арттерапияны ұйымдастыру принциптері. Жеке және топтық формадағы арттерапияның психотерапевтік мүмкіндіктері. Күтілетін нәтиже: Білімі: арттерапияның негізгі түсініктері, принциптері, негізгі теориялары; арттерапиядағы психотерапевтік әсерлердің факторлары, негізгі арттерапиялық бағыттар. Іскерлігі: арттерапияда клиенттің мәселесін диагностикалау, клиентпен жұмыста терапиялық стратегиялар құру, жұмыс әдістері мен техникасын тандау. Компетенциялары: Коммуникативті, іс- әрекеттік, арнайы
7	Жеке және топтық психотерапия негіздері	4	6	Жалпы психология	Психоанализ негіздері, Тұлғаны зерттеудің проективті әдістері	Пәнді оқу мақсаты: Болашақ мамандарды психотерапиялық білімдермен қаруландырып, жеке және топтық психотерапия түрлерінің мақсаты мен жүргізу техникасын меңгерту. Осы курсты оқып меңгерген білімнің негізінде студенттің психотерапиялық әдіс-тәсілдерді қолдана білу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру Пәннің қысқаша мазмұны: Жеке және топтық психотерапия пәні мен міндеттері Психотерапияның қалыптасып дамуы. К. Роджерстің психотерапиясы. Гештальт – терапия. Когнитивтік психотерапия. Рационалды психотерапия. Трансактілік талдау. Нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ). Суггестивтік психотерапия. Отбасылық психотерапия. Арт-терапия. Дене - бейімделу психотерапиясы. Мінез-құлық психотерапиясы. Мәселелі – бейімделу психотерапиясы. Топтық психотерапия. Білімі: психотерапияның негізгі бағыттарын, қалыптасу және даму тарихын, практикалық қызметте психотерапиялық әдістердің қолданылу ерекшеліктерін. Іскерлігі: психологтың кәсіби қызметінде аутогенді жаттығулар, сендіру мен өзін-өзі сендіру, гипноз, психодрама сияқты психотерапиялық техникаларды қолдана алу. Дағдылары: Психотерапияның көрнекті өкілдерінің еңбектерін сыни меңгеру және аналитикалық ұғыну дағдысын игеру. Компетенциялары: Іс-әрекеттік
8	Психологиялық тренинг	3	5	Жалпы психология, Практикалық психология	Психотерапия негіздері	Пәнді оқу мақсаты: Психологиялық тренинг процессін тереңдетіп меңгерту, топ жұмысын және тренингтік технологияларды ұйымдастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Психологиялық тренингтің даму кезеңдері. Тренингтің техникалары

						мен тәсілдері. Тренингтік топтар. Тренер стильдері. Тренингтік бағдарламалар және оларды құрастыру ерекшеліктері. Күтілетін нәтиже: Білімі: тиімді өзара іс-әрекет принциптері, конструктивті өзара әрекетті дамытуға септігін тигізетін тәсілдер мен жолдар, топпен жұмыс жасауда өнімді қарым-қатынасқа кедергі келтіретін факторлар. Іскерлігі: топтағы жұмысты талдау, топтағы қабылданған ережелерді ұстану, өз сезімін шығару, кері байланыс жасай алу. Дағдылары: психологиялық- педагогикадық тренингтің бағдарламасын жобалау және қолдану техникасы, тренингтік топтарға жетекшілік жасау ережелері. Компетенциялары: Коммуникативті, іс- әрекеттік, ұйымдастырушы- басқарушылық
8	Коммуникативті дағдылар тренингі	3	5	Жалпы психология, Әлеуметтік психологияға кіріспе	Өртүрлі мекемелерде психологиялық қызметті ұйымдастыру	Пәнді оқу мақсаты: Мәселелік жағдаяттарды шешетін белсенді әдістер арқылы коммуникативті дағдыларын, түрлі амалдар мен қарым-қатынас бағыттарын салыстыра отырып, олардың ішінен мейлінше ұтымдыларын өз бетінше таңдай алу біліктілігін дамыту. Пәннің қысқаша мазмұны: Тиімді қарым-қатынастың психологиялық шарттары мен аспектілері негізінде тренингтегі коммуникативті дағдыларды дамыту. Тренинг әлеуметтік белсенді оқыту әдісі ретінде. Оның шығу тарихы. Қарым-қатынас қабілетін дамытудағы белсенді топтық әдістер мен коммуникативті дағдыларды дамытудағы тренинг мүмкіндіктерінің артықшылықтары. Тренингтің коммуникативті дағдыларының негізгі қағидаларымен танысу. Психологиялық байқағыштықты дамыту. Шектеуді, қабылдаудағы стереотиптерді, жиналған әдептерді жоюды және қарым-қатынастағы мінез-құлық амалдарын сезіну. Қарым-қатынастағы психологиялық кедергілер. Тренингті қорытындылау. Күтілетін нәтиже: Білімі: тиімді коммуникациялар критерийлерін, оның құрылымын, топтық оқыту әдісі ретінде тренингтің потенциалды мүмкіндіктерін; кәсіби коммуникациялардың негізгі мақсаттары туралы. Іскерлігі: түрлі жағдайларда коммуникативті әсер ету кезінде өзін және өзінің әрекетін бақылауға алу; алған білімдерін тәжірибеде қолдана алу. Дағдылары: эмоционалды күйде өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеру; ақпарат алмасу процесінде басқа қатысушылармен өзара қатынаста коммуникативті дағдыларды қолдану. Компетенциялары: Коммуникативті, іс-әрекеттік, ұйымдастырушы- басқарушылық
9	Гендерлік психология	2	3	Жалпы психология, Дифференциалды психология	Ересектер психологиясы және геронтология, Неке және отбасы психологиясы	Пәнді оқу мақсаты: Гендерлік психологиясы курсының қазіргі құрылымы туралы біліммен қаруландыру Пәннің қысқаша мазмұны: Гендерлік психологияның даму тарихы. Жыныстық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктері. Тұлғаның кәсіби мотивациясының гендерлік ерекшеліктері. Күтілетін нәтиже: Білімі: гендерлік теңдік саясатының жағдайын, негізгі мәселелері мен перспективасын, сондай-ақ ер мен әйелдің маргиналдығын және ерекшеліктерін. Іскерлігі: психологиялық мәселелердің гендерлік аспектілерін ерекшелеу, ғылыми білімнің түрлі салаларындағы жетістіктерін гендерлік мәселені талдауда қолдана алу, нақты практикалық міндеттерді шешуде жеке тұлғаның гендерлік ерекшеліктерін есепке ала білу.

						Дағдылары: дамудың әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктерін есепке ала отырып, жеке тұлғаның гендерлік мінездемесін қалыптастыру үрдісінде әлеуметтік-психологиялық қолдау технологияларын қолдану, жасерекшеліктік дамудың түрлі кезеңдерінде жеке тұлғаның гендерлік сипатын диагностикалауын негізгі әдістер және әдістемелермен, гендерлік мәселе бойынша әдебиеттермен жұмыс жасау дағдысы. Компетенциялары: Жүйе құрушы, іс- әрекеттік
9	Психология және отбасы психотерапиясы	2	3	Жалпы психология, Дифференциалды психология	Балалар психологиясы, отбасылық қарым-қатынас психологиясы және этикасы	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерде қазіргі әлемдегі отбасы және отбасылық тәрбие дамуының негізгі тенденциялары және жағдайы туралы түсініктерін жетілдіру. Пәннің қысқаша мазмұны: Отбасы психологиясының негізгі теориялық ережелері: Отандық және шетелдің отбасы психологиясының қалыптасуы. Отбасын зерттеудің қазіргі заманғы жолдары: Адам жеке тұлғасының дамуында отбасының мәні: Отбасы динамикалық өзін-өзі дамыту жүйесі ретінде. Күтілетін нәтиже: Білімі: отбасы психологиясы аймағында қазіргі заманғы теорияларды; әлемдік тәжірибеде қалыптасқан отбасымен жұмыстың негізгі жолдарын Іскерлігі: отбасында кездесетін мәселелік жағдайларды талдау және соның негізінде психокоррекциялық тәжірибелерді құру Дағдылары: отбасы қарым-қатынасын психологиялық коррекциялаудың әртүрлі техникаларын жүргізу дағдысы Компетенциялары: іс-әрекеттік
10	Психология тарихы	3	5	Мамандыққа кіріспе, Жалпы психология	Диплом алды іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Отандық және шетелдік психологиядағы психика туралы ғылыми білімдердің даму жолдарын ашу. Ғасырлар бойында психика туралы білім қалай қалыптасқандығын көрсету. Пәннің қысқаша мазмұны: Жан туралы ғылымдар шеңберінде психологиялық білімнің дамуы. Сана туралы философиялық ғылымдарда психологияның дамуы. Ашық дағдарыс жағдайындағы психологияның негізгі бағыттары. Күтілетін нәтиже: Білімі: ғылымның даму тарихының әр кезеңіндегі ең маңызды өкілдерін және олардың еңбектерін; бұрынғы психологиялық жүйеге сыни талдау жасау. Іскерлігі: қазіргі кезеңдегі психология ғылымының дамуында бұрынғы жүйедегі құндылықтарды ажырату. Дағдылары: тарихи-психологиялық талдау әдістерін меңгеру. Компетенциялары: Ақпараттық (білімдік), арнайы.
10	Этнопсихология	3	5	Мамандыққа кіріспе, Жалпы психология	Диплом алды іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерді этнопсихологиялық құбылыстармен, оның қалыптасу және даму ерекшеліктерімен, әртүрлі қауым өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік үдерістерге әсер ету мүмкіндіктерінің ерекшеліктермен таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Этнопсихология этностар, этникалық процестер, этникалық құбылыстар туралы ғылым ретінде. Маңызды әлеуметтік- ғылыми пән. Әлеуметтік- тарихи ғылымдармен: философия, мәдениеттану, әлеуметтану және т.б. байланысы. Білімі: этнопсихологияның әдіснамалық негіздерін және өзіндік және негізгі бағыттарын. Іскерлігі: тест құрастыру тәсілдерін: психодиагностикалық әдістемелермен жұмыс жасау; іс- тәжірибеде кәсіби іскерлік пен дағдыларды қолдана алу. Дағдылары: Практикалық іс- әрекетте кездесетін

						накты қолданбалы міндеттерді шешу дағдылары. Компетенциялары: Ақпараттық (білімдік), арнайы
11	Конфликтология негіздері	3	5	Жалпы психология, Әлеуметтік психологияға кіріспе	Психотерапия негіздері	Пәнді оқу мақсаты: «Конфликт» туралы түсінік пен кез келген конфликтілерді сәтті шешудің тәсілдері мен әдістерін таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Конфликтологияның пәні мен объектісі. Ғылымның қайнар көзі, конфликтологияның негізгі парадигмалары. Конфликтінің себептері және оның функциялары. Конфликтілерді реттеу және шешу. Күтілетін нәтиже: Білімі: конфликтологияның маңызды түсініктерін және терминдерін, оның пайда болу спецификасын және конфликтілердің дамуын, конфликттерді реттеу тәсілдерін Іскерлігі: конфликтілердің негізгі белгілерін өздігімен анықтау. Дағдылары: конфликтілерді шеше алу дағдысын қалыптастыру; конфликтілік жағдайдағы өзара қатынас дағдысы. Компетенциялары: Коммуникативті, іс- әрекеттік, арнайы
11	Әлеуметтік жұмыстағы конфликтология	3	5	Жалпы психология, Әлеуметтік психологияға кіріспе	Өртүрлі мекемелерде психологиялық қызметті ұйымдастыру	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерді конфликтіні әлеуметтік құбылыс және жеке психиканың көрінуі ретінде қарастыратын түрлі әлеуметтік және психологиялық теориялар, мектептердің өкілдері көзқарастарының қалыптасуы және идеялардың құрылымымен, әлеуметтік жұмыс аймағындағы конфликтінің спецификасымен таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Әлеуметтік жұмыстағы конфликтология ғылыми білімнің жүйесі ретінде. Конфликтологиялық идеялар, теориялар және көзқарастардың даму тарихы. Тұлғааралық конфликтілердің себептері және сипаты, әлеуметтік табиғаты. Әлеуметтік- топтық конфликтілер: себептері, түрлері және әлеуметтік рөлі. Әлеуметтік жұмыстағы конфликтіні болжау және ескертудің теориясы мен тәжірибесі. Білімі: қазіргі қоғамдық және жеке өмірде конфликтінің көріну формаларын және негіздерін білу; әлеуметтік жұмыста конфликтінің дамуын және туындау ерекшеліктерін, заңдылықтарын білу; әлеуметтік жұмыста конфликтілердің пайда болуының себептері және пайда болу көзінің субъективтілігі және объективтілігі; конфликтілердің классификациясын және көріну себептерін; конфликтінің құрылымы және негізгі компоненттері; конфликтілердің функциясы және табиғатын. Іскерлігі: әлеуметтік жұмыста конфликтілердің туындауының себептерін және шарттарын талдай алу; конфликтілердің слыстырмалы талдауын жасау және олардың классификациясын жасау; әлеуметтік жұмыста конфликтілерді шешу жолдарын және тәсілдерін анықтай алу; әлеуметтік жұмыста конфликтілердің ерекшеліктерін анықтай алу және оларды шешудің тиімді жолдарын анықтай алу; Дағдылары: кәсіби қызметте конфликтілердің аспектілерін болжай алу және талдау, тани алу дағдысы; конфликтілі жағдайдағы мінез- құлық, сонымен қатар дұрыс бағалау, болжау, конфликтілерді алдын алу, оларды шешудің тәсілдері мен тиімді жолдары және конфликтілі жағдайларды басқара алу дағдысы. Компетенциялары: Коммуникативті, іс- әрекеттік, арнайы
12	Неке және отбасы психологиясы	3	5	Жалпы психология, Гендерлік	Диплом алды іс- тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерді қазіргі әлемдегі некеге тұру және отбасы дамуының негізгі тенденцияларымен, жағдайларымен таныстыру.

				психология		Пәннің қысқаша мазмұны: Адамзаттық қоғам тарихындағы отбасы және неке эволюциясы. Отбасылық қатынастың қызметтік-рөлдік құрылымы. Отбасылық өмірдің мақсаты. Қазіргі отбасына сипаттама. Ерлі-зайыптылар конфликтілері және оларды шешу жолдары. Күтілетін нәтиже: Білімі: отбасының негізгі қызметін; отбасы құрылымы және оны қолдау жүйесін; ерлі-зайыптылар және ата-ана мен бала арасындағы конфликтілерді реттеу техникасын; шағын топ ретінде отбасының психологиялық ерекшеліктерін, отбасы типтерін, отбасының өмірлік циклдарын; некенің психологиялық негіздерін және профилін Іскерлігі: отбасылық жүйенің тұтастық деңгейін, отбасылық қарым-қатынастағы конфликтілердің себебін, пайда болу және даму стереотипін, құрылымын, эмоциясын анықтай алу; отбасылық кеңес беруде тәжірибелік іскерліктерін қолдана алу; отбасындағы өзара қатынас туралы эмпирикалық білімді жүйелендіру және талдай алу; отбасылық қарым-қатынасты диагностикалау және коррекциялау. Дағдылары: кеңес беру техникалары және белгілі бір психотерапевтік тұрғыдан отбасына психологиялық көмек көрсету және мәселелерін зерттеу дағдысы; дамудың әртүрлі кезеңдерінде отбасымен жұмыс жасау және отбасы мәселелеріне бағдарлана білу дағдысы. Компетенциялары: Жүйе құрушы, қарым-қатынас
12	Отбасылық қарым-қатынас психологиясы және этикасы	3	5	Жалпы психология, психология және отбасы психотерапиясы	Диплом алды іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Отбасы қоғам бөлігі ретінде түсініктерін қалыптастыру, отбасы және неке туралы мемлекеттік құжаттармен таныстыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Отбасы таным объектісі ретінде. Жас отбасы мәселелері және оларды шешу жолдары. Отбасында жағымды адамгершілік психологиялық ахуалды қалыптастыру. Ата-ана мен бала қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктері. Күтілетін нәтиже: Білімі: Отбасылық қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін, отбасы әлеуметтік институт ретінде; дәстүрлі мәдениеттегі адамгершіліктік неке нормаларымен танысу. Іскерлігі: конфликтілерді ескеру және шешу, отбасының құлдырау немесе конфликтілік ситуациядағы адамдардың әрекет ережелерін Дағдылары: отбасымен жұмыс жасай алу және отбасы мәселелеріне, бір отбасында тұратын адамдар арасындағы қарым-қатынасқа бағдарлану дағдысы; Компетенциялары: Жүйе құрушы, ақпараттық (білімдік)
13	Ересектер психологиясы және геронтология	3	5	Даму психологиясы	Диплом алды іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Студенттерді қартаюдың теориясымен, механизмдерімен, қарттық кезеңдегі психологиялық үдерістермен, дағдарыстармен таныстыру. Қарттық жастағы клиенттермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Пәннің қысқаша мазмұны: Геронтопсихология пәні, принциптері, теориялары. Қарттық кезіндегі тұлға онтогенезі. Қарт адамның психологиялық-әлеуметтік мәртебесінің қалыптасуы. Кәріліктің психофизиологиялық, тұлғалық көрінуі. Егде жастағы азаматтардың психологиялық мәселелерін шешудің практикалық мүмкіндіктері. Күтілетін нәтиже: Білімі: ересектер және қарт адамдардың психологиялық ерекшеліктерін Іскерлігі: қарттық жастағы адамдармен жұмыс жасай алу, сонымен қатар барлық психологиялық бағыттар

						бойынша тиімді жұмыс тәсілдерін таңдай алу. Дағдылары: ересек адамдармен психологиялық жұмыс аясында сыни бағалау әдістерін игеру дағдысы, геронтология мәселесі бойынша психологиялық ақпаратты талдау, құрылымдау тәсілдерін игеру. Компетенциялары: Ақпараттық (білімдік) жүйе құрушы.
13	Балалар психологиясы	3	5	Даму психологиясы	Диплом алды іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: баланың физикалық, когнитивтік және психологиялық әлеуметтік дамуының ерекшеліктерін зерттеудегі теориялық негіздері мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді үйрету. Пәннің қысқаша мазмұны: Балалар психологиясы баланың психикалық даму ерекшеліктері туралы ғылым ретінде. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалық. Мектептік оқыту кезеңіндегі балалық. Балалар психологы іс-әрекетінің сипаттамасы. Балалар психологы жұмысының технологиялық негіздері. Білімі: психикалық даму заңдылықтары және балалар психологиясының әдістері туралы; балалар психологиясы саласындағы зерттейлер, отандық және шетелдік психологтардың практикалық және эксперименттік тәжірибелері туралы. Іскерлігі: балалар психикасының көрінуін анықтау және талдау; балалармен тәрбиелік және білім беру жұмыстарында жасерекшелік және жекедаралық ерекшеліктерін ескере алу; Дағдылары: балалар психологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау; балалар психологиясы саласында педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау және талдау дағдысы. Компетенциялары: Ақпараттық (білімдік) жүйе құрушы
14	Әлеуметтік аймақтағы психологиялық қызмет	3	5	Әлеуметтік психологияға кіріспе	Арнайы мекемелердегі өндірістік іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Әлеуметтік аймақтағы психологиялық қызмет талаптары шеңберінде кәсіби міндеттерді шешуге қажетті психологиялық білім, біліктілік және дағдыларды қолданатын практикалық психология саласында психолог мамандарды дайындау. Пәннің қысқаша мазмұны: Әлеуметтік аймақтағы психологиялық қызмет іс-әрекетінің ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері. Әлеуметтік аймақтағы практикалық психолог іс-әрекетінің негізгі бағыттары. Әлеуметтік-психологиялық қызмет іс-әрекетінің спецификасы. Күтілетін нәтиже: Білімі: әлеуметтік аймақтағы практикалық психолог іс-әрекетінің мазмұны және негізгі бағыттары. Іскерлігі: жеке тұлғалық және әлеуметтік мәртебесі мен дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу және/немесе шешуде психологиялық қолдауды жүзеге асыру. Дағдылары: әлеуметтік аймақтағы практикалық психолог іс-әрекетінің әдістері мен әдістемесін жүргізу. Компетенциялары: Коммуникативті, іс-әрекеттік, кәсіби
14	Әртүрлі мекемелерде психологиялық қызметті ұйымдастыру	3	5	Әлеуметтік психологияға кіріспе	Арнайы мекемелердегі өндірістік іс-тәжірибе	Пәнді оқу мақсаты: Болашақ психологтарды әртүрлі мекемелерде психологиялық қызметті ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгерту. Пәннің қысқаша мазмұны: Психологиялық қызметті ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортада психологиялық қызметті ұйымдастыру. Білім беру жүйесінде психологтың оқушыларға, ата-аналарға, педагогтарға көмек көрсетуі. Практикалық психологияның негізгі бағыттары: психологиялық кеңес беру және топтық психологиялық коррекция туралы білімдер. Педагог-

						психолог, практика- психолог іс- әрекетіндегі үлкен маңызды мәселе. Білімі: әртүрлі мекемелерде практикалық психологтың іс- әрекетінде қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттарды; түрлі мамандық өкілдерінің кәсіби маңызды сапаларын зерттеу әдістерін; Іскерлігі: еңбек ұжымында тұлғааралық қарым-ұатынастың ерекшеліктерін сипаттау және талдау. Дағдылары: әртүрлі мамандық өкілдерінің табысты кәсіби іс- әрекеттерін жүзеге асыруға қажетті кәсіби маңызды сапаларын диагностикалау әдістерін қолдану; ұйымның психологиялық қызметін модельдеу дағдылары. Компетенциялары: Коммуникативті, іс-әрекеттік, кәсіби
